



# Жетісу шұғыласы

№6 (8946 )
бейсенбі 16 ақпан
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.





## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫНА БАРДЫ



***Президент азаматтық қорғау саласы бойынша кадрлар дайындайтын еліміздегі жалғыз жоғары оқу орны – Азаматтық қорғау академиясының жұмысымен танысып, офицерлермен және курсанттармен кездесті.***

Қасым-Жомарт Тоқаев халқымыздың амандығын және қауіпсіздігін сақтау басты міндет әрі қастерлі парыз екенін айтып, академияның рөліне тоқталды.

*– Бұл – ең алдымен, құтқарушы мамандарға жүктелетін зор сенім, үлкен жауапкершілік. Құтқару қызметі – өте маңызды сала. Соңғы кезде жер жүзінде төтенше оқиғалар жиілеп барады. Жұртымыз мұндай қауіп-қатерге әрдайым дайын болуы керек. Сондықтан осы салада қызмет етіп жүрген мамандардың еңбегі еліміз үшін өте маңызды. Академия – еліміздегі кәсіби құтқарушыларды даярлайтын бірденбір оқу орны. Оны ширек ғасыр ішінде 6 мыңға жуық маман бітіріп шықты. Академия түлектері барлық облыста еңбек етіп жүр. Олар Отан алдындағы борышын адал атқарып келеді. Халқымызда «Апат айтып келмейді» деген сөз бар. Күзде еліміздің бірнеше аймағы алапат өрттен зардап шекті. Сын сағатта тұрғындарға алдымен құтқарушылар көмекке келді,* – деді Мемлекет басшысы.

Жақында Түркиядағы жойқын жер сілкінісінен кейін Президенттің тапсырмасымен бауырлас елге құтқарушылар мен дәрігерлер жіберілді.

*– Олардың арасында Ақмола облысының мамандары да бар, яғни 18 адам. Біздің құтқарушылар бірнеше адамды аман алып шықты. Түркияда күндіз-түні жұмыс істеп жатқан азаматтарымызға алғыс айтамын! Түркиядан аман-есен оралған соң оларды міндетті түрде марапаттайтын боламыз,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құтқарушының жұмысы қиын әрі қатерлі екенін айтқан Мемлекет басшысы еңбектің бұл түрін нағыз ержүрек азаматтардың кәсібі деп бағалады.

*– Төтенше жағдай мамандары жұмыс барысында талай рет ерлік көрсетті. Басқа адамдардың өміріне араша түсіп, қаза тапқан құтқарушылар аз емес. Олардың қатарында осы академияның түлегі Асқар Забикулин де бар. «Ер есімі – ел есінде». Батырлардың ерлігі ешқашан ұмытылмауға тиіс,* – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық қорғаныс жүйесі тұрақты жаңғыртуды қажет ететінін, озық әлемдік тәжірибені қабылдап, заманауи технологияларды енгізу өте маңызды екенін айтты. Президенттің пікірінше, құтқарушыларды сапалы дайындауға ерекше назар аудару керек. Мемлекет басшысы бұл мәселеде командирлер мен ұстаздар басты рөл атқаратынын атап өтіп, өзінің тапсырмасымен Үкімет академияның материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салып жатқанына және жатақхана мен оқу корпусын салу жоспарланып отырғанына тоқталды. Мемлекет тарапынан құтқарушылардың еңбекақысын көтеріп, әлеуметтік қамтамасыз етуді жақсарту үшін жүйелі шаралар қолға алынып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында академия түлектері халқымыздың амандығы үшін қызмет ете беретініне сенім білдіріп, оларға табыс тіледі.

Айта кететін жайт, Президенттің тапсырмасына сәйкес биылдан бастап құтқарушылардың еңбекақысы 10-нан 70 пайызға дейін көтеріледі.

Бұл академия жыл сайын 150-ден астам офицер даярлап шығарады. 2021 жылы ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредитациядан өткен. Үкіметаралық келісімдер аясында академияда Қырғызстан мен Тәжікстан азаматтарының білім алуына квота бөлінген.

Мемлекет басшысы академияның төтенше жағдайларға арналған техникаларымен, оқу-жаттығу жабдықтарымен танысты. Оқу орнының мамандары курсанттарды практикалық тұрғыдан машықтандыру үшін арнайы құрылғылар ойлап тапқан. Сол арқылы нысандардың өртке қарсы қауіпсіздік жағдайын және өрттен кейінгі ахуалын 3D моделімен айқындайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев оқу орнының материалдық-техникалық базасын заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет екенін ерекше атап өтті.

**akorda.kz.**

## ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ АРТТЫРУ БОЙЫНША ҚОСЫМША ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНАДЫ

***ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Үкімет отырысы барысында мектептерде қауіпсіздікті арттыру шараларын пысықтауды тапсырды.***

Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаевтың хабарлауынша, 13 ақпанда таңертең Петропавл қаласының полиция басқармасына №4 орта мектептің оқушыларына дене жарақатын келтіру туралы хабарлама түсті. Оқиға болған орынға жылдам жедел-тергеу тобы аттанды.

Тексеру барысында күдікті (9 сынып оқушысы) 2-ші қабатта орналасқан әжетханада маскасын киіп, балтамен дәлізге жүгіріп шығып, үш оқушыға шабуылдаған. Шабуыл жасаған оқушыны жоғары сынып оқушылары мен мұғалімдер ұстаған.

Қазіргі кезде 2 жәбірленуші қалалық емхананың стационарында жатыр, жағдайлары бірқалыпты. Бір оқушы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін үйіне қайтарылды.

Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 24-бабы 3-бөлігі, 99-бабы 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалып, күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Есепті тыңдап, Әлихан Смайылов Петропавлда орын алған оқыс жағдай халық арасында үлкен алаңдаушылық тудырғанын атап өтті.

***«Балаларының қауіпсіздігіне алаңдамайтын отбасы жоқ. Мектептің ішінде де қауіптің барын көріп отырмыз. Сондықтан бұл мәселені қайта қарап, оқу орындарына тексеру жүргізу қажет. Бейнекамералардың санын көбейтіп, мектепке кіреберіс жерлерде бақылауды күшейту мәселесін қарау керек»,*** — деді Премьер-Министр.

Бұл ретте Үкімет басшысы Ішкі істер министрлігіне балалардың қауіпсіздігін арттыру бойынша келісілген ұсыныстар енгізуді, Денсаулық сақтау министрлігіне зардап шеккен балаларды емдеуді ерекше бақылауға алуды, Оқу-ағарту министрлігіне Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп, қауіпсіздік сабақтарын әзірлеуді тапсырды.

**primeminister.kz.**

## КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 34 ЖЫЛ



*Бүгін Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылында 18386 әскери бөлімінде Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толу орайына іс-шара өтті. Шара мақсаты, кешегі батыр жауынгерлеріміздің ерлігін,*



*қайсарлығын бүгінгі ұрпаққа жеткізу. Аудан әкімінің орынбасары Жұмағұл Әбдіраманұлы, 18386 әскери бөлімінің командирі, майор Арман Ергенбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, ардагерлер мен ардагерлердің аналарына төс белгі және гүл шоқтарымен марапаттады.*



Салтанатты шара Ауған соғысы жауынгерлерінің елге орала алмай қыршын кеткен боздақтарды бір минуттық үнсіздік пен және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштің жанына гүл шоқтарын қоюмен ұласты. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары келіп, ән шашуларын тарту етті. Ауған соғысы ардагерлерінің ерліктерін ешқашан ұмытуға болмайды, жас ұрпақ ұмытпай тағзым етуіміз міндет.

**ЖШ Ақпарат**



# ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІМЕН ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ ТЕКСЕРІЛЕДІ



***ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев облыс әкімдерінің орынбасарлары, білім басқармалары мен білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшыларымен бірлескен шұғыл кеңесте осындай тапсырма берді.***

Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова Петропавл қаласындағы мектепте алдын ала тексеру нәтижелері және оқу орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспарлары туралы айтты.

***«Комитет әдістемелік және психологиялық көмек бойынша жұмысты жалғастырады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2019 жылдан бастап білім беру объектілеріндегі қауіпсіздік жағдайына тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі. Келесі аптадан бастап бір ай бойы бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдердің, ата – аналар қауымдастығының, сарапшылардың, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен оқу орындарында қауіпсіздікті ұйымдастыру мәселесі бойынша тексеру жүргіземіз»,*** - деп атап өтті Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы.

Айта кету керек, бүгінгі таңда Комитет мүдделі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді және талдауды жүзеге асыратын құқықтық базаны қалыптастыруда. Сондай-ақ мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын қауіпсіздік жүйелермен жарақтандырудың стандарттары мен талаптары, білім беру ұйымдарында пайдалану үшін шектелген тыйым салынған заттардың тізімі пысықталды. Өткен жылы нысандарды терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әзірленді, ал 2023 жылғы қаңтарда өңірлерге педагогтер мен білім алушыларға арналған іс-қимыл алгоритмдері жіберілді.

***«Министрлік балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау, оның ішінде қауіпсіздік жүйесін ұйымдастыру жөніндегі Кешенді жоспардың жобасын әзірлеуде. Оған 20-ға жуық мемлекеттік органдар мен өңірлер жұмылдырылған. Жуық арада өткізу режимінің регламентіне өзгерістер енгізілетін болады»,*** - деп атап өтті Насымжан Оспанова.

Кеңес соңында ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев 2023 жылдың 20 ақпанынан 20 наурызына дейін еліміздің барлық оқу орындарының кешенді қауіпсіздік жүйесімен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізуді тапсырды. Осы мәселе аясында өзара әрекеттесудің тиімді тетіктерін әзірлеу жүктелді. Бұл ретте орта білім комитеті білім алушылар үшін арнайы қауіпсіздік сабақтарының циклін әзірлеуі қажет. Білім басқармалары оны білім беру ұйымдарында полиция және төтенше жағдайлар департаменттерімен бірлесіп өткізілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Алматы, Жетісу, Ұлытау, Абай, Қостанай және Түркістан облыстарында қауіпсіздік жүйелерінің талапқа сай келмейтіні байқалады.

**ҚРОқу-ағарту министрлігі баспасөз қызметі.**

# ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!

***С момента образования области Жетісу зарегистрировано 33 факта интернет-мошенничеств, что составляет 37,2% от общего количества мошенничеств, зарегистрированных на территории Республики (1617).***

33 факта интернет мошенничеств в разбивке по регионам: г.Талдыкорган-31, г.Текели-1, Коксуский-1.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдыкорган расследуется досудебное расследование по заявлению гр. Ф. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладению ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстраграмм», «Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

***Основные рекомендации МВД:***

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительным органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.
2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимися сотрудниками банка, полиции и т.д.
3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.
4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.
5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.
6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.
7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками
8. Чаще проверять движение денег на своих счетах.

**Е.С.БЕКТУРСЫНОВ,**
**Старший прокурор формирования правовой информации в уголовной сфере Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по области Жетісу.**

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ: ҚАҢТАР АЙЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ТҮСКЕН ЖАРНАЛАР 7,7 МЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

***«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалының директоры Гульзия Таипова атап өткендей, қазан айында өңір бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлердің аударымдары мен жарналарының жалпы сомасы 7,7 млн теңгені құрады.***



Республика бойынша өткен айда түскен жарналар сомасы 57,5 млрд теңге.

МӘМС-ке келіп түскен барлық қаражат, сенімгерлік басқару шарты бойынша Ұлттық банкте сақталады және кейіннен МӘМС шеңберінде көрсетілетін қызметтерді төлеуге жіберіледі.

Айта кетсек, өткен жылдың қыркүйегінен бастап алдағы 12 айға МӘМС жарналарын төлеудің жаңа тетігі іске қосылды. Бұрын өткен 12 ай үшін жарналардың төленген болуы міндетті еді. Ал қазір жаңа әдісті таңдағанда өткен жылы төленбеген кезеңдер үшін төлеудің қажеті жоқ.

Жаңа механизм бойынша алдын ала бір жылға сақтандыру мәртебесін қалай алуға болады?

Әр айға жеке-жеке 3 500 теңгеден, яғни 12 төлем жасау керек. 12 айға 42 000 теңге шығады. Бұдан бөлек, ескеретін жайт, 12 айға бір төлеммен аударуға болмайды. Себебі жүйе әр айды бөлек есептейді.

МӘМС жарналарын екінші деңгейдегі кез келген банк, банктердің мобильді қосымшалары, жылдам төлем терминалдары және «Қазпошта» филиалдары арқылы төлеуге болады.

Сақтандырылған азаматтар МӘМС пакетіне кіретін медициналық көмек алады. Оған салалық дәрігерлердің консультациялары, түрлі талдаулар мен диагностикалық тексерулер (рентген, УЗИ, КТ, МРТ және т.б.), жоспарлы емдеуге жатқызу, медициналық оңалту, жоғары технологиялық медициналық көмекті қолдана отырып емдеу, аурулардың алдын алу және диагностикалау кіреді.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ АЛДАБЕРГЕНОВ, АҚЫН САРА, ЖАЛҒЫЗАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНЕН САЙЛАНҒАН ӘКІМДЕРІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

***Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасы Заңының Конституциялық 14-бабының 9 ) тармақшасына, 45-бабына, 113-11бабының 1тармағына сәйкес, 2023жылғы 12 ақпанда өткен сайлаунің қорытыңдылары туралы сайлау комиссясының хаттамасы негізінде Ескелді аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды.***

***АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:***

1987 жылы туған, Садырбаев Жалғас Бакытович Жетісу облысы Ескелді ауданы Алдабергенов ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

***АҚЫН САРА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:***

1970 жылы туған , Бозов Шынарбек Касымович Жетісу облысы Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

***ЖАЛҒЫЗАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:***

1994 жылы туған, Сапарғалиев Диас Асқарұлы Жетісу облысы Ескелді ауданы Жалғызағаш ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

**Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Р.Жексенбеков**
**Аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Д.Турдиева**

# СОПРОВОДИТЕЛЬНЫЕ НАКЛАДНЫЕ НА ТОВАРЫ

***Оформление СНТ при импорте и экспорте зерна и отдельных видов зерновых культур Управление государственных доходов информирует, что с 10 февраля 2023 года вводится обязательное оформление сопроводительных накладных на товары ( СНТ) при импорте и экспорте зерна и отдельных видов зерновых культур.***

В этих целях, подписан Приказ Заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики Казахстан от 22 ноября 2022 года №1178 (далее – Приказ).

Так, пилотный проект реализуется на территории Республики Казахстан, в том числе:

по товарам, ввозимым на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза, по кодам ТН ВЭД ЕАЭС 1001990000, 1001912000, 1001190000, 1001919000, 1001110000, 1001911000, 0708100000, 0710210000, 0713101000, 0713109001, 0713109009, 0713200000, 0713400000, 1002100000, 1002900000, 1003100000, 1003900000, 1004100000, 1004900000, 1005109000, 1005900000, 1007109000, 1008100001, 1008100009, 1008900000, 1103119000, 1103192000, 1103199009, 1103202500, 1103203000, 1104290400, 1104290500, 1201100000, 1201900000, 1204001009, 1204009000, 1205101000, 1206009100, 1206009900, 1207600000, 1207992000, 1209210000, 1209298000, 2005400000, 2302109000, 2302301000, 2302309000, 2302400800, 2302409000, 2304000001, 2306300000, 2309903100, 2309909601, 3501105000, 5301210000, 5301290000 до 10 февраля 2023 года.

**Управление государственных доходов по Ескельдинскому району**

## Құрметті Қаратал ауылының тұрғындары!

«ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің» РММ-нің «Қайнар-Қаратал» тұтынушы кооперативі бойынша таратушы желілер арқылы суды беру қызметіне тарифы және тарифтік сметасын бекіту туралы 2023 жылғы 26 қаңтарда №10-н/қ бұйрығына сәйкес, Қаратал ауылы бойынша 2023 жы 1 наурыз айынан бастап төмендегідей бағалар бекітілді:

Тұрғын үйлер сумен , кәріз жүйесіз 91.58 теңге /м3

## Уважаемые жители села Каратал!

На основании приказа РГУ « Департамента комитета по регулированию естественных монополий,защите конкуренции и прав потребителей Министерство Национальной экономики РК по Жетысуйской области «от 26 января 2023 года под №10- н/қ об утверждении тарифов за услуги водоснабжения Потребительского Кооператива «Кайнар - Каратал»с 01 марта 2023 года утверждены следующие цены за услуги водоснабжения:

1.Жилые дома с водопроводом без канализации - 91.58 тенге/м 3.

# Объявления конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства

***Акимат Ескельдинского района, области Жетісу (040500, область Жетісу, Ескельдинский район, село Карабулак, улица Оразбекова, 67) объявляет список сельскохозяйственных земель согласно лота. (таблица)***

Согласно статьи 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» Все лица, занятые в сельском хозяйстве, которые подходят всем требованиям.

Заявки на участие в конкурс будут приниматься через 30 дней после публикации, то есть с 20 марта по 12 апреля 2023 года.

Перечень документов, необходимых для участия в конкурсе, можно получить до 12 апреля 2023 года до 11-00 часов по адресу: 20, 3 этаж, офис 65, улица Сатпаева, Ескельдинский район, область Жетісу

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается 12 апреля 2023 года в 18:00 часов.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 13 апреля 2023 года в 10:00 часов (040500, область Жетісу, Ескельдинский район, село Карабулак, улица Оразбекова, дом 67) в большом конференц -зале акиматарайона.

Земельная комиссия подводит итоги конкурса путем вскрытия поступивших закрытых конвертов (без участия участников конкурса). Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8(72836) 3-17-68, 3-00-34 (Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района).

А также, заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

**ГУ «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района»**

# Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

***Жетісу облысы, Ескелді аудан әкімдігі, (040500 Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67), тізімде көрсетілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін кестедегі лоттарға сәйкес, конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:***

Конкурсқа Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығында көрсетілген талаптарға сай келетін ауыл шаруашылығымен айналысатын барлық тұлғалар жіберіледі.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау, газет бетіне жарияланғанан соң алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң кейін, яғни 2023 жылдың 20 наурыздан 12 сәуірге дейін қабылданады.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысуға қажетті құжаттама тізбелерін 2023 жылдың 12 сәуірге сағат 11 - 00 минутқа дейін мына мекен жайдан алуға болады: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, 65 ғимаратының 3 қабаты 20 кабинет.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2023 жылдың 12 сәуірге 18 сағат 00 минутқа дейін.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысу үшін конверттерге салынған конкурстық құжаттамаларды Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне мына мекен-жайға табыс етіледі: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, 65 ғимаратының 3 қабаты 20 кабинет.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2023 жылдың 13 сәуір 10 сағат 00 минутта мына мекен жайда ашылады: 040500 Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 67 ғимаратының үлкен мәжіліс залы.

Жер комиссиясы түскен жабық конверттерді ашу жолымен (конкурсқа қатысушылардың қатысуынсыз) конкурстың қорытындысын шығарады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72836) 3-17-68 телефоны, 3-00-34 арқылы хабарласуға болады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және « жылғы __________»_____ « дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

**Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі**

## Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

| Лоты № | Местоположение земельного участка (сельский округ) | Площадь га. | Вид угодья земельного участка | Качественные характеристики почвы | Баллы бонитета | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона | Срок аренды |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 2 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 3 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 4 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 5 | Кайнарлинский с/о | 5,8242 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 6 | Кайнарлинский с/о | 4,9828 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 7 | Кайнарлинский с/о | 4,6 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 8 | Кайнарлинский с/о | 3,8634 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 9 | Кайнарлинский с/о | 4,31 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 10 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 11 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 12 | Кайнарлинский с/о | 4,502 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 13 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 14 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 15 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 16 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 17 | Кайнарлинский с/о | 4,5015 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 18 | Кайнарлинский с/о | 4,505 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 19 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 20 | Кайнарлинский с/о | 3,563 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 21 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 22 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 23 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 24 | Кайнарлинский с/о | 3,9853 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 25 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 26 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 27 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 28 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 29 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 30 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 31 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 32 | Кайнарлинский с/о | 4,077 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 33 | Кайнарлинский с/о | 5,2197 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 34 | Кайнарлинский с/о | 5,0236 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 35 | Кайнарлинский с/о | 5,8831 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 36 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 37 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 38 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 39 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 40 | Кайнарлинский с/о | 4,3 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 41 | Кайнарлинский с/о | 3,9349 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 42 | Кайнарлинский с/о | 3,547 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 43 | Кайнарлинский с/о | 5,1467 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 44 | Кайнарлинский с/о | 4,9673 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 45 | Кайнарлинский с/о | 4,4757 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 46 | Кайнарлинский с/о | 6,6371 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 47 | Кайнарлинский с/о | 5,1362 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 48 | Кайнарлинский с/о | 2,3929 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 49 | Кайнарлинский с/о | 4,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 50 | Кайнарлинский с/о | 3,5 | богарная пашня | Черноземы обыкновенные глубоковскипающие среднемощные | 63 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
|  | Всего | 225,8 |  |  |  |  |  |  |

# «ХАЛЫҚ ТАҒДЫРЫ – КАРТА ОЙЫНЫ ЕМЕС»:



# МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

### МІРЖАҚЫПТЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 карашада бұрынғы Торғай облысындағы Сарықопа болысында (қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты «Қызбел» ауылы) дүниеге келген. Әкесі — Дулат аты шыққан шебер, ал анасы — Дәмеш әншілікке бейім болған. Міржақып екі жаста анасынан айырылды. Әкесі балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, одан кейін орысша оқытып, заң қызметіне бағыттады. Осы жолмен кіші ұлы Міржақыпты да оқуға береді.

Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасында оқыды. Бірақ екі жылдан кейін басқа мектепке ауысып кетті. Ол жайында өзі де жазған.

***«Жасым 8-ге келгенде әкем мені ауыл молдасына оқуға берген. Ол өте надан молда болатын. Қанша уақыт сол кісіден білім алғанымды білмеймін, бірақ араб тіліндегі дұғаларды жаттағанымнан басқа еш нәрсе үйренгенім жоқ»,*** - деп жазды Дулатұлы.

Молдадан кейін Міржақып ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. 12 жасында әкесінен айырылады. Ағасы Асқар әкесінің тілегін орындаймын деп, Міржақыпты ары қарай оқытады. Сөйтіп, інісін өзі оқыған екі кластық орыс-қазақ мектебіне береді. Міржақып Ыбырай Алтынсарин негізін салып кеткен мектепте бес жыл оқып, үздік бітіріп шығады.

***«Осымен менің оқу орындарынан білім алуым аяқталды. 1902 жылдан бастап ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос уақытымды білімді жетілдіруге жұмсадым»,*** - деп еске алды Дулатұлы.

Жас мұғалім ел өміріне қалай араласты?

Міржақып өз бетінше ізденіп, орыс тілін жетік меңгереді. Мұғалім болған алты жылдың ішінде оң мен солын танып, ұлт қамы үшін күресуге дайындалады. Ақындық талантын да осы жылдары таныта бастайды.

Бұл кезең патша өкіметінің отаршылдықты қазақ даласында күрт күшейтіп, қалың елге тізесін қатты батырып тұрған шағы болатын. Бұл жағдай сол кездегі қазақтың көзі ашық, оқыған, зиялы азаматтарына қозғау салды. Ұлт үшін қызмет көрсетудің үздік үлгісін көрсеткен арыстардың қатарында Міржақып Дулатұлы да болды. Ахмет Байтұрсынов ұйықтап жатқан елді оятамын деп, «Масасын» ұшырса, Міржақып Дулатұлы ***«Оян, қазақ!»*** деп ұран салды.

Міржақып Дулатұлы - 1905 жылы патша өкіметіне қазақ халкының атынан петиция жазғандардың бірі. Осы петиция туралы Мұхтар Әуезов те жазған.

***«1905 жылы Қарқаралыда Ахаң менен біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз, тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: біріншi – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жеріне земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуына болғандықтан, қазақ жұртын муфтилікке қаратуды сұраған»,*** - деп жазды Әуезов.

Бұл сапарынан Міржақып Дулатұлы саяси күрескер ғана емес, шабытты ақын болып оралады. 1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде «Жастарға» деген өлеңін жариялайды. Ал бүркеншік атпен «Біздің мақсатымыз» деген мақаласынан кейін «Серке» газеті біржола жабылады. Газеттің дәл сол санын шығаруға қатысқан адамдардың барлығы жауапқа тартылсын деген үкім шығады. Мақалада Міржақып қазақ халқының басындағы қиын жағдайдың анық себептерін саралап, отарлық саясатты әшкерелеген. Патша өкіметі мақала авторын тұтқындамақ болғанмен бүркеншік аттың иесін таба алмайды.

1909 жылы Қазан қаласында Міржақыптың тұңғыш өлеңдер жинағы «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шықты. Бұл кітап жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Жазушы сол үшін тергеу органдарының бақылауына алынды, ал «Оян, қазақ!» кәмпескеленді. Екі жылдан кейін осы жинақ қайтадан басылып шықты.

Ақын-жазушы әр жерде шығатын қазақ басылымдарына, әсіресе «Айқап» журналына үзбей жазып тұрды. Ел тұрмысын өз көзімен көремін деп, қазақ ауылдарын аралайды. Семейде полицияның қолына түседі де, бір жарым жыл қамауда отырады.

1912 жылы баспасөз қызметін жалғастырады. Ахмет Байтұрсынұлымен бірге қыр өлкесінің ағартушылық-демократиялық бағыттағы тұңғыш бейресми басылымы – «Қазақ» газетінің негізін қалайды. Ал 1922 жылы ешбір себепсіз абақтыға жабылады. Бірақ Семейден Орынборға жөнелтілген бойда қамаудан босатылады.

1922–1926 жылдары Орынбордағы Қазақтың халыққа білім беру институтында (КИНО) оқытушы болып істейді. Екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» әзірлеп, Ташкент қаласында бастырып шығарады. «Балқия» атты төрт перделі пьеса жазады. 1924 жылы Орынборда екі жылдық «Қирағат кітабы» (хрестоматиялық оқулық), Қызылордада «Есеп құралының» жаңа басылымы жарық көрді.

Міржақып Дулатұлының көптеген әңгімелері лақап аттармен шыққан. Оның жиі қолданған есімдері: Азамат, Мадияр, Таймінер, Түрік баласы және Арғын баласы.

Қаламгердің алғашқы кітабы «Оян, қазақ!» болса, бір жылдан кейін «Бақытсыз Жамал» романы жарыққа шықты. 1913 жылы Орынборда «Азамат», ал 1915 жылы «Терме» атты өлеңдер жинағы басылды. Ақын өлеңдерінің басты такырыбы—ел тағдыры.

Міржақып Дулатұлы ғылым және техника жетістіктері туралы зор қуанышпен жазатын.

***«Жылқы арқылы 6 ай алатын жолды қысқа уақытта темір жол арқылы өтуге болады. Телеграф арқылы сен көзіңді ашып жұмғанша жер шарының екінші бетіндегі хабарды қабылдайсың. Көлік өзі жүреді, жылқысыз, оны қолыңмен жүргізесің. Ғылым адамзат көмегіне су мен отты берген, үлкен арақашықтықта телефон арқылы сөйлесу мүмкіншілікті берген. Мұхитты жер секілді қолданып, бұрынғы ыңғайсыз нәрселерді жойдырған. Ауада ұшу мен керек болса жерге түсу құралы табылған, оның аты – әуе шары. Ел бұрын сондай ғажапты көрген бе?»,*** - деп жазды Дулатұлы.

### ОТБАСЫ – ОШАҚ ҚАСЫ

1914 жылы 14 мамырда Міржақып Дулатұлы Омбы қаласында Ғайнижамал Баймұратқызымен отбасы құрды. Ақынның қызы Гүлнар Дулатованың естеліктері бойынша үйлену тойы Омбы қаласына жақын «Коломзино» станциясының мейрамханасында өтті. Тойдан кейін Дулатовтар бірден Орынбор қаласына аттанды.

1925-1928 жылдары Міржақып Дулатұлы ел астанасы - Қызылорда қаласында тұрған. Сол жерде бірнеше әдеби шығармасын жазды. Сол уақытта Міржақыптың үйіне қазақ зиялыларының белгілі өкілдері, ақындар, жазушылар, әртістер жиі келіп тұратын. Олардың ішінде Нәзипа Құлжанова, Ілияс Байменов, Әлиби Жанкелді, Серке Қожамқұлов, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Мағжан Жұмабаев, Әлкей Марғұлан, Смағұл Сәдуақасов, Қошке Кемеңгеров, Әлібек пен Әуелбек Қоңыратбаев және тағы басқалар. Қарсақбайдан Қаныш Сәтбаев да жиі қатынап тұрды.

Міржақып Дулатұлын қамауға алғаннан кейін көбісі хабарласпай кетті. Алайда Қаныш Имантайұлы қарым-қатынасын үзбеген.

***Міржақып Дулатұлы жайлы қызықты деректер***

- Міржақып Дулатұлы өткір тақырыптарға өте жылдам жазған. Елдің сұранысын жақсы білетін журналист болды. «Қазақ» газетінің сондай сапада, сондай мазмұнда, сондай биіктен көрінгені де содан;
- Міржақып Дулатұлы - Алашорда үкіметінің бағдарламасын жасағандардың бірі;
- Міржақып Дулатұлы - I Дүниежүзілік соғыста қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырғандардың бірі;
- Міржақып Дулатұлы 1921-1922 жылғы ашаршылық кезінде Алаш зиялылары аштыққа ұшырағандарға жылу жинап беруді қолға алғанда осы іске Жүсіпбек Аймауытовпен бірге бірнеше айда 15 мың бас ірі қара жинап, ашыққан елге үлестірген;
- Міржақып Дулатұлы жазған «Бақытсыз Жамал» шығармасы қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман болып саналады.
- Міржақып Дулатұлы соңғы рет қамауға түскенде Мұстафа Шоқай Сосновец лагеріне Франциядан барған сауда кемесі арқылы оны алып кетпекші болған. Бірақ Міржақып жанұясының тағдырына алаңдап, қашудан бас тартты.

***Міржақыптың нақыл сөздері***

***Әркім өз қолынан келгенше жомарт;***

***Артықтан тағылым ал, кемге – үйрет;***

***Ағайын – арзан, пұл – қымбат;***

***Болғанда бойда қуат жүрген жақсы, Аяғың бір күн қылдан кетер тайып. Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ, Отырма бір орында құр мұңайып;***

***Халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор;***

***Сот түзелмей – халық түзелмейді;***

***Алла жақын кеудеде оты барға;***

***Аршын жұтқан кісідей кекірейме;***

***Заң әдет-ғұрыпқа қайшы келсе – үлкен аяққа тар етік кигенмен бірдей;***

***Халық тағдыры – карта ойыны емес;***

***Дос емес дос сыртынан жамандаған;***

***Құл десең биді – күледі, Құл десең құлды – өледі;***

***Қызығы бұл жалғанның – мал менен бас.***

***Түрме шығармашылықты шектей алмады***

1928 жылы 28 желтоқсанда Міржақыпты тағы қамауға алды. Қызылорда түрмесінде көршілес камерада Жүсіпбек Аймауытұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы да отырған.

1929 жылы тергеу кезінде Міржақып Дулатұлы соңғы сөзін айтты.

***«Өз елімнің болашағы үшін мен барлық мүмкіншілікті қолдауым қажет. Егер де мен қателессем, елмен бірге қателесем. Ерте ме, кеш пе ақиқат үстем болып шығады»,*** - деді ол.

Дулатұлы өлім жазасына кесілді, бірақ оның өлім жазасын бас бостандықты 10 жылға айырумен алмастырды. Алдымен екі жыл бойы Бутыр түрмесінде отырды. Артынан Сосновец лагеріне айдалды.

Лагерьде жүрсе де, шығармашылықтан қол үзбеді. Түркі-орыс сөздігін жазды. Міржақып осы оқу құралын мыңдаған қазақ, қырғыз және басқа түркі тілдес елдердің өкілдері үшін жазып берген. Арестанттар оны өз қолымен көшіріп жазып таратқан, өйткені олардың көбісі сол уақыттағы өмірлік маңызы бар орыс тілді білмеген.

Міржақып Дулатұлы лагерьде қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығын да жазып шықты. Ал өзінің емшілік қасиеттерін көрген соң, аса табысты нәтижелермен қамалғандарды емдеді.

1935 жылы қазанның бесі Міржақып Дулатұлы лагерьдің орталық лазаретінде дүние салды.

**ЖШ Ақпарат**

# АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

***Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 33 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 1617 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 37,2 % құрайды.***

33 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдыкорған қаласы-31, Текелі қаласы-1, Көксу-1.

Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Ф. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоныраuларды пайдаланады, өткені WhatsApp қоңырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.
2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.
3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.
4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.
5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.
6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.
7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.
8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**Талғат ОМАРХАНОВ,**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры**

# АУҒАНСТАН СОҒЫСЫНЫҢ АҚИҚАТЫ



***Жалпы Ауғанстан мен ауған мәселесіне кешегі Кеңестік кезеңнің көзқарасымен емес, жаңаша тәуелсіз ел ретінде қарайтын уақыт жетті. Кеңестік идеологиямен тәрбиеленген адамдар үшін оғаш болса да Ауғанстанның өзалды үлкен ел екенін мойындайтын, өзара байланысты күшейтіп сенімді де пайдалы барыс-келісті дамытатын кез келді.***



### СОЛ КЕЗДЕГІ САЯСИ АХУАЛ

Бүгінде сол бір қырғи қабақ соғыстың куәгерінің қайсысымен тілдеспеңіз сол кездегі саяси ахуалды сөз қылатыны ақиқат. Өйткені шындығын айту керек, Кеңестер Одағы дәуірлеп тұрған тұста «Ленин көсем аз ұлттарға теңдік алып берді» деген идеология салтанат құрып тұрды. Сондықтан да, КСРО-ның 1979 жылғы 12 желтоқсанда қабылданған Ауғанстанға әскер кіргізу туралы шешіміне қарсылық танытуға қауқар болған жоқ. КСРО мен КОКП-ның жетекшілері Л.И.Брежнев, Ю.В.Андропов, Д.Ф.Устинов, М.А.Сусловтар қазақтардың ойымен санасуы мүмкін емес болатын.

Есесіне, 1970 жылдары Ауғанстанда билікті төңкеріспен басып алу үйреншікті жайт еді. Мысалы, 1973 жылғы төңкеріс монархияны құлатып, Ауғанстан республикасын құруға мүмкіндік әперді. 1978 жылы Ауғанстан республикасын құрған Мұхаммед Дауд отбасымен бірге өлтіріліп, билікке М.Тараки бастаған Ауғанстан коммунистік халықтық-демократиялық партиясы келді. Осы Тараки тұсында КСРО мен Ауғанстан арасы жақындасты. КСРО-ның ықпалымен Ауғанстан коммунистік ел болу жолына түсті. Бірақ, Таракидің билігін өзінің орынбасары Хафизулла Амин бір күнде төңкеріп тастап, КСРО-дан сырт айналды. Кеңестік империяға бұл ұнай қойған жоқ. 1979 жылы Мәскеу «Шторм-333» арнайы операциясы арқылы Хафизулла Аминнің көзін жойып, оның орнына Бабрак Кармальді қойды. Осы шешім елді екіге бөлді. КСРО үкіметтік күштерді, ал АҚШ, Қытай, Иран, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Мысыр, Израиль секілді елдер үкіметтік емес ұйымдарды қолдап, соғыс өртіне ұластырды.

### ҚҰПИЯ ТҮРДЕ ШҰҒЫЛ ШЕШІЛДІ

Осылайша, Ауғанстан соғысы (1979-1989 жылдар) Кеңес үкіметінің Қарулы күштері үшін, соның ішінде Қазақстандық жауынгерлер үшін КОКП ОК Саяси бюросының Ю.Андропов, Д.Устинов, А.Громыко, Л.Брежнев сияқты санаулы ғана мүшелерінің, аяқастынан құпия түрде қабылдаған шұғыл шешімінен басталды. Жоғарыда айтқандай, сол кезде Ауғанстанда билікке таласқан ресми үкімет пен оппозиция (можахедтер) арасында қарулы қақтығыстар басталған болатын. Күрестің басты мақсаты Ауғанстан жерінде толықтай саяси бақылау жүргізу болды. КСРО Саяси бюросы КСРО-ның ықпалын кеңейту мақсатында Ауғанстанға қол ұшын беріп, сыртқы агрессиядан қорғау керек деген шешімге келеді. Сөйтіп Ауған елін басқарып отырған шах Хафизулла Аминді алып тастап, орнына Бабрак Кармальді отырғызу туралы идеясын күш көрсету арқылы жүзеге асырды. Осылайша, Кеңес Одағының әскерлері ұзақ жылдарға жалғасқан қарулы қақтығыстардың қақ ортасынан бірақ шықты.

Соғыстың тағы бір себебі – Ауғанстандағы социализм концепциясын жақтаушыларды қолдау болды. Америкалық әскери-экономикалық күштер Ауғанстандағы КСРО ықпалынан шығарып алуға күш салды. Можахедтерге АҚШ, НАТО-ға мүше Еуропа елдерінің кейбіреулері, Пәкістан, Қытай, Мысыр, Иран елдерінің әскери мамандары, арнайы қызметтері көп көмек көрсетті. Кабул үкіметіне қолдау көрсету КСРО бюджетіне оңай түскен жоқ. Деректерге қарағанда, жылына 800 миллион АҚШ доллары бөлініп отырған. 40-армияны Ауғанстанда ұстау үшін және тактикалық ұрыстарға Мәскеудегі басшылар жыл сайын 3 миллиард долларға шығындалған.

### АУҒАНСТАНҒА ӘСКЕР ЕНГІЗДІ

Ауғанстанға әскер енгізу туралы шешім 1979 жылдың 12 желтоқсанында, КОКП ОК Саяси бюросының отырысында түбегейлі қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілген екен. Бұдан бес ай бұрын 105-әуе десанты дивизиясының 111-парашютті десант полкі Баграм қаласына барып жайғасқан болатын. Бұл Кеңес Армиясының Ауғанстанға кірген алғашқы бөлімі еді. 12 желтоқсан күні Қазақстан мен Орта Азия республикаларында жасақталған «мұсылман батальоны», артынша екі күннен кейін Баграмға тағы бір батальон кірді. Осы үш батальонның көмегімен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) жекелеген кішігірім отрядтары «Шторм» операциясына кірісетін болып жоспарланды. Осылайша, 27 желтоқсан күні Аминнің сарайына шабуыл жасалды. Бірнеше қала можахедтерден тазартылды. Жаңа билік ауған жерінің барлығына үстемдігін жүргізе алған жоқ. Соғыстың ұзаққа созылуына бір жағынан осы себеп болды.

### ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМГЕ КЕЛДІ

Бұл соғыстың абырой әпермейтінін Кеңес үкіметінің басшылары арада 3-4 жыл өткеннен кейін түсіне бастады. Бірақ «болары болып, бояуы сіңгеннен кейін», кеш түсінді. 1983 жылдың 19 мамырында Пәкістандағы елші В.Смирнов КСРО-ның Ауғанстандағы әскерлер контингентін алып шығуға мүдделі екендігін ресми түрде жариялады.

Саяси бюро осылайша, балшыққа кіріп алып, енді былғанбай шығудың жолдарын іздестіре бастады. 1986 жылдың ақпанында болған КОКП XXVII съезінде М.Горбачев әскерді кезеңге бөліп, ауған жерінен шығару жоспарын жасау керектігін мәлімдеді. 13 қарашадағы Саяси бюроның отырысында Михаил Горбачев: *«Біздің Ауғанстанда соғысып жатқанға алты жыл болды. Егер бұл іске басқаша келмесек, әлі 20-30 жыл соғысатын боламыз»* деп мәселені көлденеңінен қойды. Оның сөзін Бас штабтың бастығы, маршал Ахромеев те қолдады: *«Біз Кабулды, провинциалдық орталықтарды бақылауға алдық, бірақ басып алған жерлерімізге билік орната алмадық. Біз ауған халқы үшін күресте жеңіліс таптық»* деп ағынан жарылды. Сөйтіп, осы отырыста Ауғанстандағы барлық әскерді екі жылдың ішінде алып шығу туралы келісілді.

### АУҒАНСТАН АУМАҒЫНАН ШЫҒАРЫЛДЫ

Осылайша, Кеңес әскерлерінің жекелеген бөлімшелері 1988 жылдың 15 мамырынан бастап Ауғанстан аумағынан шыға бастады. КСРО тоғыз айдың ішінде әскерлерін бұл елден шығаруға міндеттеме алды. Бұл өте күрделі операция еді. 4 ақпан күні Кеңес Армиясының соңғы бөлімі Кабулдан шықты. Ал 15 ақпанда 40-армияның қолбасшысы, генерал-лейтенант Б.Громов Термез қаласында ***«Кеңес әскерлері Ауғанстан жерінен толықтай шықты, артымда бірде-бір жауынгер қалған жоқ»*** деп басшылыққа баяндады. Алайда өзеннің арғы жағында қалған шекарашылар тағы үш ай бойы Ауғанстанда жауынгерлік тапсырмаларды орындады. Мәскеу тарапынан Ауғанстаннан әскерлерді шығару туралы ешқандай ақпарат болған жоқ. Америкалық баспасөздің мәліметтері бойынша осы операция кезінде Кеңес Одағының 523 жауынгері мен офицері қаза тауып, қаншама адам тұтқында қалды. 40-армия шыққаннан соң да шабуылдаушы можахедтерге қарсы қиянкескі шайқастар болды. 1989 жылдың 23-26 ақпандағы «Тайфун» операциясы кеңес әскерлерінің ауған жеріндегі он жылға созылған соғыстағы ең ақырғы ұрысы болды.



### СОҒЫС ҚАСІРЕТІ

Ауған соғысы аяқталған жылы «Правда» газетіне соғыстағы адам шығынының жалпы саны жарияланды. Онда қаза тапқандар 13 833 адам деп көрсетілген. Көрсетілген адам шығыны жыл сайын көбейе түсті. 1999 жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша ішінде майданда өлгендер, жарадан, аурудан, оқыс жағдайдан қайтыс болғандар, хабар-ошарсыз кеткендер бар, барлық қаза тапқандардың саны Кеңес Одағы Армиясынан – 14 427 адам, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен (КГБ) – 576 офицер, Ішкі істер министрлігінен – 28 адам. Барлығы – 15 051 адам. Жараланған, контузия алғандар – 54 мыңға жуық, ауырғандар – 416 мың адам. Кеңес Одағының ауған соғысынан көрген зияны осындай қасіретті болды.

Ал, өзге елдің мүддесін қорғаған Ауғанстандағы шектеулі контингент әскерлері құрамында Қазақстаннан 22 269 жауынгер интернационалдық міндетін атқарды. Олардың 924-і сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапты, 21 адам хабар-ошарсыз кетті, мыңдаған жігіт елге мүгедек болып оралды.

Кеңес Одағы әскерін шығарғаннан кейін Ауғанстандағы Нәжибулла режимі тағы үш жылдай тұрды. 1991 жылы оның қолдаушысы КСРО ыдырап, жеке-жеке мемлекеттерге бөлініп кетті. Экономикасы тұралаған Ресей оған ешқандай көмек бере алмады. Сөйтіп, 1992 жылы сәуірде можахедтердің дала командирлері коалициясы Нәжибулла билігін төңкеріп тастады.

### ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- Ауған соғысы 10 жылға, 110 айға созылды
- КСРО құрамында Отан алдындағы міндетті арқалаған 22 000 қазақстандық топарсақтан қан кешіп, ауған жерінде 2238 күнге созылған соғыс қимылына қатысты.
- 22 000 адамның 924-і опат болып, 1015 жауынгер мүгедек болып қалды және 21 адам хабарсыз жоғалып кетті.
- 200 153 батыр мемлекеттік марапатқа ұсынылды. Олардың 10 955 соғыс даласында опат болды.
- Ерлігі үшін 2 265 қазақ марапатталған.
- Елге аман оралған 18 мың сарбаздың 3 мыңы – мүгедек.
- Кеңес әскерлері шығарылғаннан кейін де Ауғанстанда азамат соғысы жалғаса берді. Ұзаққа созылған соғыс елді әлсіретіп, халықты күйзеліске ұшыратты.
- 1997 – 98 жылдары Қазақстан Республикасының үкіметі Ауғанстандағы қазақтарды көшіріп әкелді.
- Республика бойынша Ауған соғысы ардагерлерінің отыздан астам ұйымы бар.
- 2005 жылдың шілдесінде Ауғанстан соғысы ардагерлері өз құрылтайларын өткізген болатын. Бұл жиынға Қазақстанның 14 облысынан 19 ауғандық ұйым өкілі қатысты. Осы құрылтайда «Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының қауымдастығы» құрылып, барлық ауғандық ұйымдар қауымдастыққа бірігуі керек деп біраузыдан келісімге келген болатын. Қазіргі кезде республика бойынша 30-дан астам ұйым осы қауымдастыққа кіреді.

### НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА БҰРЫННАН БАР

Жалпы Кеңес Одағының алып зауаттары мен мемлекеттік монополиядағы өндірісін көрген біздің адамдар Ауғанстанға мүсіркей қарады. Бұл дұрыс емес еді.

*– Тарихтағы Жібек жолының өтінде болған Ауғанстанда сауда мен ұсақ бизнес қалыпты өмір салтына енген. Біздің қазіргі айтып жүрген нарықтық экономикамыз оларда бұрыннан бар екенін өз басымызға түскенде ғана түсіндік. Мысалы, қандай соғыс болып жатса да оларда ең қажетті тұрмыстық бұйым, қант, нан, тұз, ет секілді азық-түлік бағасы тұрақты әрі қол жетімді. Мәселен, сол кезде Алақадри (аудан) орталығы ШринТагоб қаласынан жиырма тоғыз түрлі өнім экспортқа шығарылған.*

Мұнда белгілі өреге жеткенге дейін өзара зат айырбасы түрінде болатын тарихи сауда мәдениеті орныққан. Мысалы, бір бала таңертең сағат дәл он бірде біздің жұмыс орнымыздың алдынан өтеді. Өзінің белгілі дауысы бар айқайлатын. Ол қандай қарлы, жаңбырлы, боранды күндер де ешқашан кешігіп көрмеген. Клиенттерге деген жауапкершілігі мен адалдығы сондай қайран қалдырады. Бала кімнің, қай күні, қанша нан алатынын жаттап алған. Барып әр үйдің кішкене терезесінен тастап кете береді. Ақшасын қандай жолмен, қалай алатынын білмейсіз. Сол өзара ішкі келісім мен зат айырбасы арқылы келісетіні белгілі. Саудагерлердің уәдеге беріктігі сондай, сіз келіскен затты айтылған уақытта, дәл кезінде жеткізеді және еш артық сөзсіз.

### ТАЙПАЛЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРНЫҚҚАН

Мәселен, онда ауылдар этникалық құрамдарына қарай бөлек-бөлек орналасқан. Өзбек ауылының өз ақсақалдары мен басшылығы бар. Әр ұлт өз тілдерінде білім алады. Бір-біріне қыз берісу негізінен аз. Әр ауылда бұрыннан келе жатқан ақсүйек отбасылар бар. Олар ақсақалдардың келісімімен, өзара кезектесіп билік жүргізеді. Шамаларынша өз орындарын сақтауға тырысады. Сол отбасылардан сайланған депутаттар Кабулға жіберіледі. Егер бұл отбасында белгілі бір ұятты іс болып қалса, онда ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан статустан да, құрметтен де айырылады. Әскерге баратын жастар алдымен провинцияда міндетін өтегеннен кейін ғана Кабулға қызметке жіберіледі. Салық жинау да жергілікті билік арқылы жүзеге асырылады. Олардың ішкі ісіне басқа тайпалардың, орталықтың тікелей араласуына белгілі дәрежеде шектеу қойылған.





**ЖШ Ақпарат**

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

***Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.***

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);
2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);
3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;
4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;
5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министерлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.
Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Мади ХАЙРБАЕВ,**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.**

# ПУСТЬ КАЖДЫЙ ЗНАЕТ

***Нет нужды убеждать человека в том какой непоправимый ущерб может причинить пожар. Много говоря он приносит тем, кто небрежен с огнем, кто недооценивает последствия и не задумывается о пусть даже незначительных на первый взгляд нарушениях пожарных правил.***

Один оставил в квартире зажженную печь без присмотра. «Не беда, - думает, - протопится и потухнет». Другой уходя на работу, не выключил электрокамин . «Так он и предназначен для обогрева», -рассуждает домовладелец. У третьих дети в квартире остались одни. «Так сними бабушка», - успокаивают себя беспечные.

К сожалению, подобные оправдания приходится слышать довольно часто. Результат такого легкомыслия в обращении с огнем всегда один – губительный пожар уничтожает вещи, а нередко и жилые постройки.

Наибольшее число происшествии с огнем приходится на отопительный период, то есть в те месяцы, когда для обогрева жилых помещений интенсивно используется печи и электронагревательные приборы.

Малейшая их неисправность, нарушение или несоблюдение правил пожарной безопасности может закончиться бедой.

С наступлением холодной погоды количество пожаров и загораний в жилых домах резко возрастает. Это вызвано, прежде всего, тем что многие домовладельцы не соблюдают режим топки печей, стремятся с утра протопить печь так, чтобы до вечера жару хватило. В результате перекала стенки топливников, обогревателей и труб растрескиваются, что и служит причиной пожара. Еще опаснее, когда для растопки печей используется солярка, бензин, керосин. Это неизбежно ведет к тяжелым последствиям.

Опрометчиво поступают и те домовладельцы, которые не заботятся о своевременной очистке дымовых труб от скопившейся золы. А это нередко приводит не только к пожаром, но и к отравлению угарным газом. Некоторые домохозяйки вблизи печей сушат дрова белье, обувь, что приводит к их загоранию. Обязательное соблюдение мер предосторожности – надежная гарантия того, что в ваш дом не придет беда.

**Абылай НАЙЗАБЕКОВ,**
**Начальник ОЧС**
**Ескелдинского района**
**мойор гражданской защиты**

# ӨРТ ТІЛСІЗ ЖАУ

***Тұрғын үйлерде әдетте өрт жиі шығады.***

Тұрғын үйлердегі өрттің негізгі шығу себептері: пештер мен түтін шығатын мұржалардың дұрыс тазаланып, жөнделмеуінен, тұрмыстық электр жылытқыштары мен әртүрлі электр приборларының дұрыс қолданылмауынан, сондай-ақ электр қауіпсіздігінің қатаң сақталмауынан, балалардың сіріңке шағуынан, тағы басқа осындай себептер. Сондықтан да өрт қауіпсіздігін бұлжытпай сақтап, өрттің алдын алу әрбір азаматтың қастерлі борышы саналады.

# НЕИСПРАВНАЯ ПЕЧЬ – ПРИЧИНА ПОЖАРА

Уважаемые гости и жители Ескельдинского района, отдел по чрезвычайным ситуациям напоминает о соблюдении и выполнения требований правил пожарной безопасности - это залог Вашей и безопасность родных и материальных ценностей.

**Мерхат ЕЛЕУСИЗОВ,**
**Главный специалист**
**ОЧС Ескелдинского района,**
**капитан ражданской защиты**

# ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

***Құрметті аудан тұрғындары жылыту маусымы басталуына байланысты жеке үйлерде өрт, көмір қышқыл газы, табиғи газбен уланудың көбеюі мүмкін.***

Өрттердің басты себептері: отты пайдаланудағы аңғалдықтан, балалардың отпен ойнауынан, электр қондырғыларын, желілерін құру, пайдалануда және тұрмыстағы жылыту пештерін қолдануда өрт қауіпсіздігін сақтамаудан болып отыр.

Өрт шыққан жағдайда «101» немесе «3-91-00» номерлері арқылы қоңырау шалыңыздар!

**Абылай НАЙЗАБЕКОВ,**
**аудандық ТЖБ бастығы,**
**азаматтық қорғау майоры**

# ТАСҚЫН

***Тасқын(поводок) – дегеніміз қарқынды, салыстырмалы қысқа уақыт ішінде су мөлшерінің көтерілуі. Жауын- шашынның шамадан тыс, кейде қысқы жылымықта қардың еруінен түзіледі.***

Су тасу(половодье)- өзендерде су мөлшерінің оқтаөктеке қайталанып көтерілуі көктемгі қар еруінен немесе жауын-шашынның көп мөлшері, таулы аймақтарда бастау алатын өзендерде мұздардың және көктемгі-жазғы қар еруінің салдарынан болатын фактор.

**Сақтық шаралары:**

1. Үнемі БАҚ-ның таулардағы жағдай туралы берген мәліметтерді қадағалап отырыңыздар;
2. Егер тау шатқалдарында нөсерлі жаңбыр жауып тұрғаны байқалса, таудан тезірек кеткендеріңіз жөн;
3. Құлама жартастар және биік шатқалдар маңайына тұрақтауға болмайды, себебі тасқын жүріп өткен жағдайда жер дірілінен жартастардың немесе тастардың құлауы мүмкін.
4. Егер тасқын белгілері байқала басталса, тезірек өзен арнасынан шығып биік жоталарға шығуыңыз керек;

Тасқын қауіпі бар мәлімет алғын жағдайда және бірінші белгілері байқалған жағдайда, тезірек ғимараттан шығып, маңайдағыларға ескертіп, қауіпсіз жерге шығу керек. Үйден шығар алдында ошақты өшіріп, газ кранын жауып, электр және электр жабдықтарын өшіру керек.

Сел-тасқыны арнаға жақын орналасқан тұрғындар және жұмысшылар тиісті орғандардың мәліметтерін мұқият тыңдаулары қажет.

Қауіп болған жағдайда немесе берілген сигнал бойынша тезірек алдын ала белгіленген қауіпсіз жерге, өзіңізбен бірге керекті құжаттарды және құнды заттарды алып шығу керек.

Әркім өзінің нақты жоспарын белгілеп, оны орындай білу керек:

Медициналық қызмет, өрт және құтқару қызметі, ЖПК (КСК), ТЖ басқармасының және аудандық ТЖ бөлімінің мекен жайы және телефон нөмірлері;

Бөлекет белдемі ішінде және оның сыртында Сізге көмектесетін туған-туысқандарыңның мекен жайы, тегі және телефондарын білу, әр отбасы (соның ішінде балалар) егер үйіне қайталмаған жағдайда, қайда бару қажеттігін білу қажет.

**Ескерту**:

Егер жойқын тасқын жүріп өткен соң, оның қайталануы болмаса, іздестіру, құтқару жұмыстарына, бірінші медициналық қызмет көрсетуге, жолдарды тазалауға белсене кірісу керек. Құтқару қызметінің барлық талаптарын орындау қажет.

**Қ. ӘШІМОВ,**
**Ескелді ауданы ТЖБ инженері**
**азаматтық қорғау аға лейтенанты**

# ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ СЕТИ И ОСВЕЩЕНИЕ

***Электрическая сеть должна иметь защиту от токов короткого замыкания и других отклонений от нормативных режимов, могущих привести к пожарам и загораниям.***

Плавкие вставки предохранителей должны быть калиброванными (самодельные предохранители «жучки» не допускаются). Вводы в здания должны выполняться через стены в изоляционных трубах таким образом, чтобы вода не могла попасть внутрь. Вводы допускаются выполнять через крыши в стальных трубах. Наружная электропроводка по крышам жилых зданий не допускается. Расстояние от установленных на стене изоляторов ввода до поверхности земли должны быть не менее 2,75м. Расстояние между проводами ввода, а также от них до выступающих частей здания(свесов крыши и т.п.) должно быть не менее 20 см, а до водосточного желоба 50 см.

Расстояние от проводов, пересекающих пожарные проезды и пути для провозки грузов, до поверхности земли(дороги) в проезжей части должны быть не менее 6 м, в не проезжей части не менее 3,5 м.

Соединение и ответвление проводов (проложенных внутри помещения) должно выполнятся в соединительных и ответвительных коробочках. Соединения, оконцевания и ответвления жил, проводов во избежание опасных в пожарном отношении переходных сопротивлений, должны выполнятся при помощи прессовки, сварки, пайки и специальных зажимов.

Открытую прокладку плоским проводом внутри сухих помещений необходимо проводить по несгораемым стенам, перегородкам, потолками. Допускается прокладка плоским проводом по сгораемым стенам, перегородкам и потолкам при условии если под проводом проложен листовой асбест толщиной не менее 3 мм и выступающий не менее чем на 10мм с каждой стороны провода. Крепление плоского провода должно осуществляться металлическими скобками.

**Мерхат ЕЛЕУСИЗОВ,**
**Главный специалист**
**ОЧС Ескелдинского района,**
**капитан гражданской защиты**

# ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП, ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕКТЕ НАҚТЫ ТАБЫС АЛУ

***enpf.kz сайтында 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚР ҰБ және ИПБ зейнетақы активтерін басқаруы туралы есеп ұсынылды***




2023 жылғы 1 қаңтарға зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – шамамен 14,7 трлн теңге. Бұл ретте ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 14 621,89 млрд теңге, ал ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 9,36 млрд теңге болды.

Зейнетақы жинақтарының қалай инвестицияланатыны туралы егжей-тегжейлі есеп enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер – Инвестициялық қызмет» бөлімінде орналастырылған. Мұнда ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы ақпарат беріледі.

***ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі***

БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде Ұлттық Банк теңгерімді инвестициялық саясат жүргізеді: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының алуан түрлеріне инвестициялайды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің облигациялары (неғұрлым тұрақты қаржы құралдары ретінде) – портфельдің 49,72%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 11,40%, банктердің облигациялары мен депозиттер – 7,84%, шет мемлекеттердің МБҚ – 5,55%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары – 2,54%. Дамыған елдердің МБҚ (7,31%), дамушы елдердің МБҚ (3,75%), сыртқы басқарудағы активтерді (9,27%) қоса алғанда, индекстік басқаруға 20,33% бағытталды.

Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель 1 қаңтардағы жағдай бойынша мынадай:

ұлттық валютадағы инвестициялар – 71,59%, АҚШ долларында – 28,36%, басқа валютада – зейнетақы активтері портфелінің 0,05%. Осылайша, валюталық позиция шамамен 30% деңгейінде сақталуда. Естеріңізге сала кетейік, 2016 жылы зейнетақы активтерінің валюталық үлесі шамамен 17% болды.

Егер алынған кірістің құрылымын талдасақ, онда бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі, оның ішінде орналастырылған салымдар мен «кері РЕПО» операциялары бойынша және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер 807,92 млрд теңге, шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер 186,62 млрд теңге, өзге кірістер – 12,9 млрд теңге болды. Сыртқы басқарудағы құралдар бойынша 93,36 млрд теңге мөлшерінде шығын есептеліп, бұл геосаяси факторлардың 2022 жылы есептелген инвестициялық табысқа ықпал еткенін растайды. Салыстыру үшін: өткен жылдың сәйкес күніне сыртқы басқарудағы активтер 50 млрд теңгеден астам табыс әкелді.

ҚР Ұлттық Банкінің түсініктемесінде айтылғандай, «тұрақты жоғары инфляция жағдайында 2022 жылы көптеген елдердің орталық банктері монетарлық саясатты қатаңдатуға мәжбүр болды. Нәтижесінде бұл іс жүзінде барлық активтер кластары құнының төмендеуіне әкелді. Мысалы, 2022 жылы көптеген әлемдік индекстер теріс мәндерді көрсетті: MSCI World Index акцияларының индексі 19,5%, АҚШ қазынашылық облигациялары 7,6%, корпоративтік облигациялар 15,8%, дамушы нарықтар облигацияларының индексі 15,3% әлсіреді. Осылайша, теріс нарықтық қайта бағалау шетелдік және қазақстандық эмитенттердің облигациялары мен акцияларын қамтитын БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелі құнының төмендеуіне әкелді».

Дегенмен, 2022 жылдың 12 айындағы жалпы табыс оң сипатқа ие. Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан есептелген инвестициялық кірістің мөлшері жыл басынан бері 914,1 млрд теңгеге жетті. Кезең ішінде зейнетақы активтерінің кірістілігі – 6,55%. ҚРҰБ зейнетақы активтерін басқарған 2014 жылдан бастап 2022 жылғы желтоқсанға дейін жинақталған инвестициялық табыс 6,9 трлн теңге болды.

ҚР ҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылым және инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында орналастырылған.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беру моделі жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 5-бабына сәйкес мемлекет алушыларға зейнетақы төлемдеріне құқық алған сәттегі инфляция деңгейін ескере отырып, БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген жарналар мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

***Инвестициялық портфельді басқарушылар***

ИПБ басқаруындағы қаражаттың жалпы көлемі - 9,36 млрд теңге.

«Jusan Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері - 4,19 млрд теңге. Компанияның ең маңызды салымдары: ҚР ҰБ ноттары – 42,79%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары - портфельдің 30,43%; ҚР ҚМ МБҚ – 17,14%, шет мемлекеттердің МБҚ – 8,83%. Айта кетейік, портфельдің 60,43% теңгемен, 39,57% АҚШ долларымен ұсынылған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2022 жылы есептелген инвестициялық кірістің мөлшері 117,61 млн теңге болды. Зейнетақы активтерінің кірістілігі жыл басынан бері - 3,25%.

«Jusan Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылым БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

«Halyk Global Markets» АҚ сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері 2,63 млрд теңге. Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар мынадай: кері Репо (күнтізбелік 90 күннен аспайтын) 49,69%; шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) 12,72%; ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары 12,57%; мемлекеттік мәртебеге ие, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздар – 6,79%. Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 79,65%, АҚШ долларымен – 20,35%.

2022 жылы инвестициялық табыстың мөлшері – 110,61 млн теңге. Зейнетақы активтерінің кірістілігі жыл басынан бері 4,19% болды.

Эмитенттерді көрсете отырып, «Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

***«BCC Invest» АҚ сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері 1,52 млрд теңге.*** Инвестициялардың негізгі бағыттарының ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары – портфельдің 43,54%; ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары 21,98%; пайлар (индекстерге арналған ETF) – 7,74%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 80,1%, АҚШ долларымен – 19,9% инвестицияланды.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде жыл басынан бергі табыс 42,82 млн теңге, ал «BCC Invest» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің табыстылығы он бір айда 2,75% болды.

Эмитенттерді көрсете отырып, «BCC Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 1 млрд теңгеден асты. Активтердің 68,78% мөлшері ҚР ҚМ МБҚ-ға; инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат 11,82%; квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары – 8,58%, ҚР эмитенттерінің үлестік құралдары (акциялар және депозитарлық қолхаттар) 8,16%; шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 2,66%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 79,65%, АҚШ долларымен – 20,35% инвестицияланды.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде жыл басынан бергі инвестициялық кіріс 46,46 млн теңге, ал «Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі осы кезеңде – 4,12%.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылым БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

2022 жылдың қараша айынан бастап нарықта инвестициялық портфельдің бесінші басқарушысы - «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ» АҚ пайда болды. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бұл компанияның басқаруына 8,37 млн теңге берілді. Портфельдің 83,81% кері РЕПО, 16,19% мөлшері шоттардағы ақшалай қаражатта. Әзірге портфель толығымен ұлттық валютада ұсынылған. Инвестициялық қызметтің нәтижесінде есептелген инвестициялық кірістің мөлшері (активтер берілген сәттен бастап 2023 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша) 11 463,10 теңгеге жетті. Қызмет басталғаннан бері зейнетақы активтерінің кірістілігі 0,13% болды.

«Halyk Finance» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылым БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігі негізге ала отырып есептеледі.

# БЖЗҚ ӨҢІРЛЕРДІ ҚАЛАЙ ҚАМТИДЫ?

***БЖЗҚ қызметтері республиканың барлық аймақтарында: ірі қалаларда да, шағын елді мекендерде де қолжетімді. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың өңірлік құрылымына республикалық маңызы бар қалаларда (Астана, Алматы, Шымкент) және 15 облыс орталықтарындағы 18 филиал кіреді.***

Филиалдар орналасқан қалаларда 26 бөлімше, оның ішінде 18 бөлімше филиалдардың жанында тікелей жұмыс істейді.

Ірі аудан орталықтары мен қалаларда 61 қызмет көрсету орталығы (ҚКО), ал халықтың тығыздығы төмен аудан орталықтарында және кейбір басқа елді мекендерде 89 қашықтағы жұмыс орны (ҚЖО) қызмет атқаруда. Оларда Қордың бір ғана қызметкері жұмыс істейді. БЖЗҚ-да барлығы 176 қызмет көрсету кеңсесі бар. Өңірлік бөлімшелердің саны мен бөлінуі халықтың қажеттіліктерін ескере отырып белгіленеді.

Республикада жаңа облыстардың құрылуы нәтижесінде Семей қаласындағы «БЖЗҚ» АҚ өңірлік филиалын «БЖЗҚ» АҚ Абай облыстық филиалы және «БЖЗҚ» АҚ Алматы облыстық филиалын «БЖЗҚ»АҚ Жетісу облыстық филиалы деп қайта атау жүзеге асырылды.

Нұр-Сұлтан қаласының Астана қаласы болып өзгеруіне байланысты «БЖЗҚ» АҚ-ның Астана қаласындағы филиалы да қайта аталды.

Өңірлерде көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін және халықтың зейнетақы жүйесіне тартылуын қамтамасыз ету үшін «Мобильді кеңсе» деп аталатын көшпелі қызмет көрсетуге арналған көпфункционалды орталық - шалғайдағы елді мекендерде салымшылар-




ды (алушыларды) қабылдауды және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталған шағын автобус жұмыс істейді.

«Мобильді кеңсе» автокөлікте орнатылған спутниктік жабдықтың көмегімен онлайн режимінде жұмыс істейді. «Мобильді кеңсенің» сапарға шығуы жергілікті атқарушы органдармен келісілетін шалғайдағы елді мекендерге барудың алдын ала жасалған бағыты мен кестесі бойынша жүзеге асырылады. Қазір 13 «Мобильді кеңсе» Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында жұмыс істейді.

Сондай-ақ, Қордың қызмет көрсету кеңселері жоқ шалғай елді мекендерде тұратын салымшылар мен алушылар үшін 2019 жылдан бастап «Қазпошта»АҚ бөлімшелерінде трансфер-агенттік қызмет көрсету қолжетімді. Осындай 376 бөлімшеде салымшының (алушының) деректемелерін өзгерту туралы өтініш беруге және хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау) туралы келісімге қол қоюға болады.

Қордың өңірлік бөлімшелерінде, сондай-ақ, «Қазпошта» мобильді кеңселері мен бөлімшелері арқылы жүргізілген жүзбе-жүз қызмет көрсету нәтижесінде 2022 жылы БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға шамамен 1,5 млн зейнетақы қызметін көрсетті.

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІ: САНА ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚАЖЕТТІЛІК

***Латын әліпбиіне көшу соңғы бірнеше жылдықта еліміз үшін өзекті тақырыптардың біріне айналды. Осыған байланысты ақпан айының 14 жұлдызында Жетісу облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Ескелді аудандық филиалында В2-ордадан жоғары деңгейінің тыңдаушыларымен «Латын әліпбиі: сана жаңғыруы және заманауи қажеттілік» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.***

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – заман талабына сай туындайтын сұрақтардың бірі: «Не үшін кирилл қарпінен бас тартуымыз керек және не себепті 900 жыл бойы пайдаланылған арабтың жазуын емес, латын қарпін таңдаймыз?». Бұған жауап – әлемнің жаһандану үдерісіне ұмтылуында. Латын қарпі қазіргі кезде жаһандануды графикасына айналды. Еліміздің жастарының шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы, қоғамды компьютерлендіру, ғаламторды пайдалану, еуропалық сапаға ұмтылуы – осының барлығын тұжырымдай келе латын қарпіне өтудің маңыздылығын тыңдаушыларға жете түсіндіру.

Дөңгелек үстел барысында тыңдаушыларға латын әліпбиі, оның шығу тарихы, қазақ халқының көне жазуларының бірі араб тілі туралы презентация арқылы таныстырылып, тыңдаушылар өз тарапынан тақырыпқа қатысты сұрауларын қойып, пікір алмасты, тапсырмалар орындады.

**А. НҰРБЕК,**
**Жетісу облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы**
**Ескелді аудандық филиалының меңгерушісі**



# АНТИКОР ФИСКАЛДЫҚ САЛАДАҒЫ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАДЫ

***Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет парасатты бизнес субъектілерінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жұмысты жалғастыруда.***

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау шеңберінде ӘҚБтК-нің 92-бабы бойынша әлеуметтік аударымдар сомаларын уақтылы аудармағаны үшін заңсыз әкімшілік жауапкершілікке тартылған кәсіпкердің құқықтары қорғалды.

Салық кодексінің 211-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші немесе салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған салық есептілігін хабардар ету бойынша қосымша және қосымша табыс еткен жағдайда салық төлеуші әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатпайды. Бұл талаптарды кәсіпкерлер орындады.

Талдау нәтижелері бойынша кәсіпкерлердің іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы жоқ екені анықталды.

Жолдаған хат бойынша Антикор қызметтері заңсыз актілердің күшін жою жолымен кәсіпкерлердің құқықтарын қалпына келтірді.

## HABARLANDYRU

Открылось наследственное дело на имя гражданки Черненок Раисы Корнеевны, умершей 19.12.2022 года наследников просим обратиться к нотариусу с.Карабулак, р.т. 3-00-99.

***«Жетісу шұғыласы» газеті ақпан айынан бастап 2023 жылға арналған айлық жазылымын ашатынын хабарлайды!***

**Біздің индекс** 66535

Жазылым сомасы – **381 теңге**

***БІЗГЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!***
***Жазылу кезінде жазылушылар жеңілдіктер алады!***

Біздің электрондық пошта мекенжайымыз:

eskeldi_eli@mail.ru

Телефон нөмірі: 3-19-15

***Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет с февраля месяца об открытии ежемесячной подписки на 2023 год!***

**Наш ИНДЕКС** - 66535

Сумма подписки – **381 тг**

***ПОДПИШИСЬ НА НАС!***
***Подписчикам при публикации предоставляются скидки!***

Наш электронный адрес:
eskeldi_eli@mail.ru

Номер телефона: 3-19-15

# АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ТАҒЗЫМ



***15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне орай «Ауған соғысы ардагерлеріне тағзым» атты ерлік сағатын Ақын Сара ауылдық кітапханасының қызметкерлері ұйымдастырды.***

Аталған шара қаза болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Кітапханашы Себепова Әлия бұл күннің батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны екенін, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі болғанын, ал құрметті ардагерлеріміз болашақ ұрпақтар үшін жарқын үлгі болып қала беретіні жайлы мәлімет берді.

Алғашқы әскери дайындық пәнің мұғалімі Жантасов Елнұр әрбір егемен елдің басты мақсаты ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету екенін айтты, сондықтан әр азамат мектеп қабырғасынан бастап өз Отанының қорғаушысы болатынына баса назар аударды. Шараға қатысқан Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің оқушылары Ауғанстан жерінде бейбітшілікті орнатуға үлес қосқан азаматтардың ерліктері жайлы мол мәліметтер алды.

**Әлия СЕБЕПОВА,**
**Ақын Сара ауылдық кітапханасының кітапханашысы**




# НАЦФОНД – ДЕТЯМ: ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

***Ежегодно на счёт ребёнка будут перечислять по 150-160 долларов.В сенате представили механизм, по которому будет реализовываться проект «Нацфонд – детям», сообщает ЖШ Акпарат со ссылкой на informburo.kz.***

С 2024 года Казахстане детям до 18 лет будут открывать валютные счета и ежегодно перечислять долю инвестиционного дохода Нацфонда. Ставку инвестдохода планируется определить на основе среднегодового значения за последние 18 лет.

Вице-министр финансов Даурен Темирбеков рассказал, что при достижении 18 лет средства на счёте будут сохраняться в течение пяти или 10 лет, если их за этот период не используют, деньги переведут на пенсионный счёт.

*«Предусматривается возможность передачи фактически накопленных средств по наследству в соответствии с гражданским законодательством. В случае недееспособности ребёнка родителям предоставят право на использование средств в порядке, который установило законодательство»,* – сказал он.

Счета будут открывать автоматически, деньги на них будут начислять ежегодно 1 января. Выплаты будут производить в долларах. По предварительным подсчётам, за 18 лет ребёнок накопит 3500 долларов. Средняя сумма начислений за год составит 150-160 долларов. Сумму выплат предлагают освободить от налогообложения. Деньги можно будет потратить по достижении 18 лет на учебу в Казахстане или за рубежом, либо приобрести на них жильё исключительно на территории РК. Ограничения на перепродажу жилья, приобретённого на эти средства, не предполагаются.

*«Если ребёнок до 18 лет уезжает из страны и меняет гражданство, то право требования на выплаты утрачивается, средства перераспределяются между всеми детьми. Если ребёнок покидает страну, но не меняет гражданство, то право требовать средства сохраняется»,* – сказал Даурен Темирбеков.

Оператор программы ЕНПФ будет взаимодействовать с Отбасы банком, АО «Финансовый центр» и банками второго уровня.

Для подтверждения целевого назначения средств граждане должны будут представить уполномоченным операторам договоры на получение образовательных услуг или о приобретении жилья. Пока в Минфине не предусматривают случаи использования средств на иные цели, даже если сумма накоплений на счету будет незначительной.

**Меншік иесі:**
**«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**
**директор - бас редактор**
**Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.**
**Редакцияның телефоны 3-19-15**

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru**

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

**Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.**

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

**Осы шығарылымның таралымы 1000**
**Тираж 1000**
**Тапсырыс 92**
**Көлемі 2 баспа табақ.**

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.
**Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.**